

«Керемет» бастауыш-мектеп балабақша кешені



Ашық, тәрбие сағаты

Тақырыбы:

«Тіл-ұлт тірегі»

Сынып жетекшілері: 3 «Ә» Сәрсенбаева Н.

4 «А» Дулдулова Г.

Тәрбиешілері: Орынбаева Т.

Пірімханқызы А.

2019-2020 оқу жылы

ТІЛ МЕРЕКЕСІНЕ АРНАЛҒАН СЦЕНАРИЙ

Тәрбие сағатының тақырыбы: «Тіл – ұлт тірегі»

Максаты: Оқушыларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу. Қазақ тілін үйрету барысында оқушыларды қазақ елінің салт- дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мәдениетімен таныстыру

Тәрбиелік: Ана тілін, халқын, мемлекеттік тілді қастерлеуге баулу, оны жан-жақты білуге тәрбиелеу; Қазақ тілі де басқа ұлт өкілдеріне шет тіл болып саналғандықтан, шет тілін, яғни, қазақ тілін оқыту арқылы оқушыларды ұлттық патриотизмге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Достық пен бірлікті дәріптеу.

Көрнекілігі: Мектеп алаңы тақырыпқа лайық безендіру, «Тіл -ұлт тірегі» жазуы, шарлар, Мемлекеттік рәміздер, нақыл сөздер.

Қатысушылар: 4-«А» -3 «Ә» сынып оқушылары

Өтетін жері: Мектеп алаңы

Жүргізуші:

Бұл жанды тіл – менің азат тілім,
Жадымда талмай самғар канат тілім.
Жыры - қуат, сөзі – ана уызындай,
Жасай бер, Ана тілім – Қазақ тілім!

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар мен қымбатты оқушылар! **22**

қыркүйек – Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесі.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады, әрбір ұлттың ең үлкен, ең негізгі анасы – туған тілі болып саналады.

Ендеше құрметті қонақтар, оқушылар Тіл мерекесіне арналған «**Тіл -ұлт тірегі**» мерекелік кешімізді бастаймыз.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі — ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі — жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі”, — деген болатын. Елбасы көрегендік танытып, алдымызға үш тілді білу қажеттігін қойып отыр. Әсіресе, өскелең ұрпақтың, жастар алдында бірнеше тіл білу міндеті тұр. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Ендеше, тілге қандай құрмет көрсетсек те лайық. Тіл мерекесі, тіл салтанаты, тіл қуанышы құтты болсын!

Мектеп, түзел тік тұр!

(Әнұран)

Жүргізуші:

Тіл - халықтың жаны, сәні, адамды мұратқа жетелейтін – ана тілі мен ата дәстүрі. Олардың барлығы бір шаңырақтың астында тату - тәтті өмір сүруі. Сіздер Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанға деген ыстық ықыласы мен сүйіспеншілігінің, қазақ ұлты мен тіліне деген құрметінің куәсі боласыздар.

Ендеше 3 «Ә» сынып оқушыларының жаттауына кезек берсек.

Орыс (Нүргүл)

Мен орыспын, сыйлаймын қазақ ұлтын,
Қастерлеймін тарихын, салт - дәстүрін.
Өйткені мен өркендеп осы жерде,
Топырағын қазақтың басып өстім.

Өзбек (Розмухаммед)

Мен өзбекпін, сүйемін қазақ жерін,
Қазақ жері - ол менің туған жерім.
Сағынамын шет шықсам қазағымның
Тау - тасын, өзен - суын, асқар белін

Ағылшын (Жасұлан)

Мен ағылшын, сүйемін қазақ тілін,
Қаймағы бұзылмаған ғажап тілін.
Қазақ тілі лайық деп білемін,
Болуға ортақ тілі халықтардың.

Арай Ана тілін жырлап өткен талайлар,

Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар.

Қасиетті ана тілімде,

Өшпес мәңгі алаулаған арай бар

Балсезім

Ермухаммет

Жүргізуші: Бұл жанды тіл – менің азат тілім,

Жадымда талмай самғар қанат тілім.

Жыры - қуат, сөзі – ана уызындай,

Жасай бер, Ана тілім – Қазақ тілім!

Ән: _____

Жүргізуші: Құттықтау

сөз _____

Жүргізуші:

«Халықтың мәңгі ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өз халқы үшін – ұлы», - деген Шыңғыс Айтматов. Сондықтан, әр адам өзінің ана тілін қорғай да, құрметтей де білуге міндетті.

Тарихы бар дастанымдай ерліктің,

Дәстүрі бар үлгісіндей елдіктің.

Қазақстан – алтын бесік Отаным,

Ұлы ордасы татулық пен теңдіктің

ХОР: 4 «А» сынып оқушылары

Жүргізуші: Тәуелсіздік тірегінің бірі – тіл. Тіл – халқымыздың қазынасы, сан ғасырлар бойы жүріп өткен жолымыздың шежірсі. Былайғы жерде егемендігіміз баянды болсын десек, ұлттық рухымызға өріс тілесек, туған тілімізді көздің карашығындай сақтауымыз керек.

4 «А» сынып оқушыларының жаттауларына берсек.

Би: «Лента» қыздар тобы

Жүргізуші:

Ана тілім – бала шағым өркенім,
Ана тілім – болашағым, ертеңім,
Ана тілім – сайын далам, жер, көгім,
Ана тілім – арман, ойым, өрнегім

Мектебіміздің мақтанштары ағылшын, орыс тілдерін жүйрік білетін жастарымызға сөз кезегін береміз.

Ән: 4 а сынып оқушышысы Асемай қызымыздың орындауында әсем ән

Жүргізуші:

Қазақ тілі түркі тілдер тобына жатады, атадан балаға жеткен ұлы құбылыс. Ол талай тарих сынынан өтті. Ғасырлардан - ғасырларға сүрінбей жетті. Дүние жүзіндегі ең бай, бейнелі, таза, өткір, терең, күшті кең тіл ретінде саналады. Қазіргі таңда ана тіліміз жан – жақты зерттеліп, уақыт талабына сай ғылыми үлгіде жүйеленді. Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық игілігі болумен қатар, әлемдік тіл білімі зерттеушілерін қызықтырған көне тарихы бар, кемел тіл ретінде танылуда. Өткен ғасырдың өзінде француз ғалымы Жорри де Манси «**Қазақ тілі түркі тілдері ішіндегі ең бір таза тілдердің бірі**» деп тамсанған.

Олай болса келесі кезекте мын бұралған биші қыздарымызға берсек.

Би: «Өзбек» биі Эльпура мен Нүргүл

Жүргізуші:

Халықаралық байланыста әлемдік деңгейде қолданылатын 6 тіл бар. Олар: ағылшын, француз, орыс, испан, қытай, араб тілдері. Жарқын болашаққа ұмтылған Қазақстан үшін бүгінгі жағдайда біздің көп тіл білуіміз қажет. Бірақ өзге тілді білсек те, өз ана тілімізді ұмытпай, қастерлеп, құрметтей білуіміз керек. «**Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!**» дегендей, өз тілімізді құрметтеп өсу біздің парызымыз.

Олай болса келесі кезек әсем әнге береміз.

ӘН: Алдаберген Арай «Әсем ән»

Жүргізуші:

Танытқан қазағымның қазақтығын,
Танытқан қазағымның азаттығын,
Танытқан қазағымның ғажаптығын,
Айналдым құдіретіңнен Қазақ тілім.

Туған тіл - ақыл ой дамуының негізгі және барша білімдердің қазынасы. Ия, бүгін біз ана тіліміздің құдіреті мен өміршеңдігіне біршама көз жеткізгендей болдық. Ана тілі: ұлы мұхитқа баласақ, біз соның жағасына келіп екі алақанымызды қосып тұрып қос уыстап іліп алып ішкендей ғана болдық деп ойлаймын. Оның тереңіне бойлап түбіндегі інжу – маржанын ерінбей – жалықпай тере біліп өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің парызымыз.

Тіл – ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс тіршілігінің көзі, Ата Заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Оны құрметтеп, қорғау, келешек ұрпаққа жеткізу, Қазақстанның бақытты да парасатты, білімді де еңбекқор ұл - қыздары бізге ғасырлар бойы ата - бабаларымыздан жеткен аманат.

Осымен «**Тіл мерекесі**» өз мәресіне жетті. Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш, тіл мәртебесі биік болсын, ағайын!